ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ АЙРЫҚША ЖЕТІСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ ИНСТИТУТ ДИРЕКТОРЫ ПРОФЕССОР ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫМЕН

СҰХБАТ

Фараби университетінің Ғылыми кеңесінде Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу, насихаттау, оқу-тәрбие жұмысында пайдалану, ел игілігіне жарату мақсатында университет ұжымы атқарған жұмыстардың басты нәтижелері Мемлекет басшысының 2025 жылдың 5 қарашасындағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» тұрғысынан пайымдалды. Осы ретте Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін зерттеу, насихаттау, өндіріске енгізу саласында қол жеткен қандай айрықша бағалы өнімдерді атар едіңіз?

«Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 1-50-ші томдары, университет ректоры Ж.Қ. Түймебаевтың бас редакторлығымен университет баспасынан жарық көрген он томдық «Абайтану антологиясы», «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы (1-24), «Абай институтының е-басылымдары» сериялық басылымы (1-20) сияқты зерттеу нәтижелері - Сіз айтып отырған саладағы айтарлықтай жетістіктер. Бұл өнімдер - республика көлемінде айрықша бағалы зияткерлік құндылықтар.

Осы айрықша бағалы зияткерлік жетістіктер жүйесінде қандай нақты өнімдерді арнайы атап өткенді дұрыс көресіз?

Аталған айрықша бағалы зияткерлік жетістіктер жүйесінде мынадай төрт өнімді бірінші кезекте атап өткенді дұрыс көремін. Олардың бірі – Абайдың таксономиясы, екіншісі – Абайдың Кісілік кодексі, үшіншісі – «Абай ілімі» оқу пәні, төртіншісі – «Абайтану антологиясы» атты цифрлық форматтағы дербес интеллектуалдық е-ресурстар базасы.

Бұл төрт өнім Фараби университетінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылған ғылыми жобалар бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесі, университеттің зияткерлік меншігі. Төртеуі де ішкі саясатымыздың негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары жүйесіндегі өзекті міндеттерді іс жүзіне асыруда маңызды қызмет атқарады.

Осы ретте «Абай ілімі» оқу пәнінің мәнін сипаттап берсеңіз.

Күннің көзі жарығын дүниеге қалай түсіретін болса, Абайдың Кісілік кодексі, Абай ілімі жастар мен жас мамандардың көкірегін, жан дүниесін, ақыл-ойын сондай жарқыратып ашады. Көкірегіне Абай ілімі қонған жастың жүрегінде күн көзіндей жарық болады. Адал азаматтың елге, Отанға, адамға, адамзаттың бәріне деген махаббатының нұры мен нәрі, жылуы мен қызуы осы жарықтан таралады. Абай ілімінің мәні осында.

Абай ілімін ғылыми зерттеу пәні, оқу пәні ретінде өндіріске енгізудің нәтижесі қандай болмақ?

Абай ілімін ғылыми зерттеу пәні және оқу пәні ретінде өндіріске енгізудің нәтижесі мынадай болмақ: а) абайтану саласында өндірілген инновациялық білімді білуге, түсінуге және қолдануға қол жеткізеді; ә) Абай ілімін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуына негіз болады; б) Абай ілімін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуы Қазақстан Республикасының рухани және зияткерлік әлеуетінің дамуы мен артуына жаңа серпін береді; в) Абай ілімін, оның өзегіндегі әлеуметтік қағидаларды білу, түсіну және әлеумет өмірінің барлық саласы мен деңгейінде қолдану

қоғамдық сананы жаңа сапалық биікке көтереді, адал азамат қалыптастыруға, әділетті Қазақстанды құруға қызмет етеді.

Кісілік кемелдікке жеткен жандардың әлеумет алдындағы парызы туралы не айтар едіңіз?

Тарихта кісілік кемелдікке жеке тұлғалар жеткенмен, адамзат қоғамының жетуі іс жүзінде мүмкін болмаған. Абай сынды заманынан озып, кемелдікке жеткен адам айналасы, әлеуметтік ортасы кемел деңгейге көтерілгенде ғана өзінің кемелдігінен игілік таба алады. Сондықтан ол өзі жеткен кемелдік биігіне өзгелердің де жеткеніне құштар болады, қоғамын, әлеуметтік ортасын, заманын, замандастарын өзі жеткен, өзі тапқан жақсылыққа бастайды, соған жеткізуді мақсат тұтады. Бұл – барша әлеумет үшін игілікті, ізгі, сондықтан да биік мақсат.

Ондай биік мақсатқа қалай жетуге болады деп ойлайсыз?

Оған жетудің жолы тар, тайғақ, соқтықпалы, соқпақсыз. Өйткені адамның адамзаттың бәрін бауыр тұтуы, сүюі, өзі жеткен кемелдік биігіне өзгелердің де жеткеніне құштар болуы, қоғамын, әлеуметтік ортасын, заманын, замандастарын өзі жеткен, өзі тапқан жақсылыққа бастауы басқалардың тарапынан толық қолдау таппайды. Өзін сүйгенді сүю, өзіне жақсылық тілегенге жақсылық тілеу, өзіне жақсылық жасағанға жақсылық жасау ілім таныған, ілімі бар, Абай айтқандай, көкірегінде көзі бар, көңілі ашық жандардың ғана қолынан келеді. Ал ілім таныған, ілім тапқан, көкірек көзі ашық жандардың қатары адамзат тарихының қай дәуірінде де сирек болды.

Абайдың ақындық даралығы мен даналығы, ілімінің негізін табуы туралы не дер едіңіз?

Абайдың ақындық даралығы даналығында. Ақындық даналықтың алды ашық, ол Жаратушыдан басқа ешкімге тәуелді емес, Жаратушыдан басқа ешнәрсеге мұқтаж да емес. Абайды дүниәуи тіршіліктің жарқылдаған алдамшылығынан сақтап, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау биігіне көтерген қуат көзі ақындық даналықта.

Болмыстан, заманнан, адамнан көңілі қайту, соларға жаны ашып, солар үшін іші күйіп тұрып, солардың ортасында, соларды сүйіп тұрып, өзіне оларды, оларға өзін жат санау ақынды болмыстың шындық құбылыстарын даналық таныммен жинақтауға, даналық пайыммен саралауға бастады. Нақты тұлғасымен нақты бір мезгіл мен мекен шегіндегі нақты қоғамда, нақты адамдар ортасында ғана өмір сүру, одан тыс бола алмау, сөйте тұра солардан сырттау, жаттану, сөйте тұра сол қоғамға, сол қоғамның адамына, халыққа жаны ашып, оларды жақсылық жолына шақыру Абайдың азаматтық және ақындық тұлғасының трагедиялық әрі қаһармандық сипатын танытады. Ақын өзінің дүниеде теңдесі жоқ ілімінің негізін осындай жағдайда анықтады.

Абай адамның мінезін, заманын қалай түземек болған деп білесіз?

Абай адамның мінезін, заманның бетін өз ілімінің ұлттық және адамзаттық рухани құндылықтарға негізделген қағидаларына сай түземекті мақсат еткен. Бұл – адамзат қоғамының тарихындағы ең бір ізгі, ең бір асыл мақсат. Алдына мұндай мақсат қою үшін кісінің жүрегінде оның өз халқына, адамзаттың бәріне деген шексіз һәм шартсыз сүйіспеншілігі, ұлы махаббаты болуы шарт. Абай іліміндегі адам мінезін түзеу, адамды кемел деңгейге көтеру туралы өзекті ой бірге қатысты емес, көпке, адам мен заманға бірдей қатысты.

Абай ілімін оқып-білуге ықыласы жоқ жандар туралы ойыңыз қандай?

Абай ілімі – алтыннан ардақты рухани байлық. Абай ілімін оқымаған, білмеген, өмірде қолданбаған, қажет деп есептемеген маманның да, адамның да кісілігі толық болмайды.

Біздің тарихымызда соңында ілім қалдырған ғұламалардың аттары аталып, олардың ілімдері жайында ойлар айтылып жүр. Солардан Абай ілімінің даралығы неде?

Адамзаттың, адам баласының адамдық мәні, кісілік қасиеті, қоғам сипаты туралы біртұтас жүйелі ілім қазақ қоғамының тарихында бір-ақ адамда болды. Ол – Абай. Абай өз ілімі арқылы адамзат ақыл-ойының кеңістігінде даналық ұстанымдары мен қағидаларының күрделі жүйесін қалыптастырды, ол ұлттық мазмұнының байлығымен адамзаттық рухани құндылыққа айналды. Абай ілімі – заманымыздың басты рухани құндылығы. Оны білу, түсіну, қолдану әлеумет үшін ауадай қажет.

Сұхбатты жүргізген
Абай институтының докторанты
Алма Кенжекожаева
2026 жыл
наурыз